

Тарбағатай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 24-2 "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 10-6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 4853 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 наурыздағы № 52-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 27.03.2020 № 52-7 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 мамырда № 11015 тіркелді, Тарбағатай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Тарбағатай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 24-2 "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3694 тіркелген, "Тарбағатай" газетінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 26 жарияланған), келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы Қағидасында":

мына мазмұндағы 6 -1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жергілікті жылумен жылытылатын жеке тұрғын үйлерде тұратын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан тәуелсіз жылына бір рет тоқсанға тағайындалады.";

13-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"13. Шекті жол берілетін шығыстар деңгейі отбасының (азаматтың) жиынтық табыстарына 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Тарбағатай аудандық

мәслихатының хатшысы

С. Омарбеков

С. Жақаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК